



Ақмешіт

1 сәуір
сенбі

№26 (1933)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЕЛ МҮДДЕСІНЕН ЖОҒАРЫ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Осы аптаның сәрсенбесінде Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Сессияны ашық деп жариялаған Президент депутат мандатына ие болған азаматтардың қызметіне табыс тіледі.

Жиында Мемлекет басшысы еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер мен реформаларға тоқталды. Қазақстан басшысы бір жыл бұрын, халыққа Жолдау жариялағанын, аса маңызды сәтте саяси жаңғыру бағдарламасын ұсынғанын жеткізді.

– Бастамаларымыз жұрттың шынайы қолдауына ие болды. Оған былтырғы референдумда айқын көз жеткіздік. Біз тәуекелге бел буып, бірден іске кірістік. Бір жылдың ішінде ауқымды жұмыс атқарылды. Конституциялық реформа арқылы бүкіл жүйені өзгертетін қадамдар жасалды. Президент жеті жылға бір рет қана сайланатын болды. Сондай-ақ Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралды. Депутаттардың рөлі едәуір күшейді. Конституциялық Сот құрылды. Бүкіл сот жүйесіне түбегейлі реформа жасау басталды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты жұмыс жаңаша сипат алды. Азаматтардың саяси өмірге емин-еркін араласуына жол ашылды, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы реформалардың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті.

Президент референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға қадам жасалғанын жеткізді. Сондай-ақ консти-



туциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өткенін, референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткенін тілге тиек етті. Жуырдағы сайлау елімізде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып келетінін айғақтап отыр. Осы ретте Президент сайлауға белсене қатысқан барша азаматқа алғыс айтып, бұл науқан бұрынғыдан ерекше болғанын жеткізді. Президент ешбір партияның мүшесі еместігін, облыс әкімдері партия бөлімшелеріне жетекшілік етпейтінін атап өтті.

– Бәсеке жоғары болғандықтан, сайлау нәтижесін алдын ала болжау мүмкін емес болды. Оның қорытындысы еліміздің нағыз көппартиялы мемлекетке айналу жолында маңызды қадам жасағанын көрсетті. Мемлекет басшысы ретінде айтарым, Мәжіліске көз-қарасы әртүрлі саяси ұстанымдағы күштер келді деп есептеймін. Алғаш рет ұзақ жыл бойы оппозиция болған партия Парламентке өтті. Біз осының бәріне ауқымды саяси реформаның арқасында қол жеткіздік. Партияларды тіркеу мәселесін реттейтін заңнаманың өзгеруі де бұған септігін тигізді. Енді партиялар еліміздің болашағына зор ықпал ететін саяси үдерістің басы-қасында жүретін болады, – деді Қазақстан Президенті.

Тағы бір айта кетерлігі, Мәжіліске бір мандатты округтен де депутаттар сайланды. Бұл дегенің Парламентке түрлі әлеуметтік топтан шыққан өкілдердің келуіне жол ашылды деген сөз. Сондай-ақ ұзақ жылдан бері алғаш рет өзін-өзі ұсынған үміткерлердің депутат болғанын көрдік. Бұл да болса саяси жаңғыруға негізделген қадамның жемісті басталғанын көрсетеді.

2 БЕТТЕ

Әкім есеп берді, ел не дейді?

БЕЛКӨЛДЕ МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ БОЙ КӨТЕРМЕК

Апта басында қала әкімі Асылбек Шәменов қалаға қарасты кент және ауыл тұрғындарымен кездесу өткізді. Жиын Белкөл кентінен басталды.



Әр тоқсан сайын халықпен жүздесіп, оның мұқтажына құлақ аспақ мақсатта ұйымдастырылатын кездесуде кентте атқарылған жұмыстар сараланды. Теміржол бойында орналасқан кент халқы үшін бұған дейін жаяу жүргіншілер көпірін салу мәселесі өзекті болған. Қашаннан қозғалып келген жайта облыстық бюджеттен тиісті қаржы қаралып, биыл оң шешімін тапты. Жуырда құрылыс жұмыстары аяқталып, жаяу жүргіншілер көпірі ел игілігіне берілді.

Жалпы кентте халық талабына сай атқарылған істердің нәтижесі байқалады. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту мақсатында кент көшелеріне қиыршық тас төселіп, кей көшелерге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл бағыттағы шаралар алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Сондай-ақ кент орталығы мен Бірлік көшесінің мектепке дейінгі аралығына жаяу жүргіншілер жолы салынады. Бұған жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, тиісті қаражат бөлінген.

Кентке қарасты Бірқазан елдімекенінде атқарылатын ауқымды шаралар жетерлік. Ондағы инженерлік инфрақұрылымды дамытуға облыс бюджетінен 34,8 млн теңге қаражат бөлінген. Сонымен қатар елдімекенде мәдениет үйін салу үшін құрылыс жобасы жасалып, ұсыныс берілген. Бұл жоба қолдау тапса, көп ұзамай құрылысы басталамақ.

Кездесуде белкөлдiктер қоғамдық көлік мәселесін қозғайды. Көпшілік қалаға қатынайтын қоғамдық көліктердің жүру ара қашықтығын жиілетуді сұрады. Бұған қала әкімі «Автобус паркі» басшысына қоғамдық көліктердің жүру жиілігін ретке келтіріп, сызбаларды қайта қарауды тапсырды.

3 БЕТТЕ



КЕШІККЕН 90 КҮН

Немесе несие оңды-солды берілмейді

Несие мәселесі әлі де күн тәртібінен түспеген өзекті мәселе. Халықтың несиеге жіпсіз байлану күннен-күнге арта түспесе, азаймағаны белгілі. Қазір дүние-мүлік, киім-кешекті айтағанда, азық-түлікті де несиеге алатындар қатары аз емес. Қалтасындағы телефонды арқылы көзді ашып-жұмғанша несие рәсімдей қоятын жұрттың сол сәтте қуанғанымен, қарыз үстіне қарыз жамылып, төлейтін кезде киналатынын статистикадан байқауға болады.

Бірінші несие бюросының 2023 жылғы қаңтардағы мәліметі бойынша, Қазақстанда кепілсіз тұтынушылық несие портфелі 28,3%-ға (немесе 1,6 трлн теңгеге) өсіп, 7,4 трлн теңгеге жеткен.

Портфель сапасы бір жылда өзгермеген: егер 2022 жылғы 1 қаңтарда мерзімі 90 және одан да көп күнге кешіктірілгендердің үлесі 12,9%-ды құраса, 2023 жылғы 1 қаңтарда ол 12,8%-ды құрады. Биыл жыл басында төлем мерзімі 90 күннен кешіктірілген несие көлемі 943,8 млрд теңгеге жеткен.

Төленбей қалған несие, қарызды қарызбен жабу мәселесін біржақты ету мақсатында Мемлекет басшысы жақында халықтың шамадан тыс несие алуын азайту жөніндегі жарлығында тұтынушылық несие беру талабын қатайтуға тапсырма берді.

Жарлықта «Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халыққа

кепілсіз тұтынушылық кредит беруді қатаңдату шеңберінде 2023 жылғы 31 мамырға дейін халықтың микрокредиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеуді қатаңдату; екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің халықтың проблемалы кредиттерін реттеу жөнінде жоспарлар қабылдауы бойынша талапты енгізу шараларын қабылдасын» деп жазылған.

Енді қандай шара қабылданбақ? Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі алдағы уақытта несие төлеу мерзімін 90 күн кешіктіргендерге қайтадан несие бермеу туралы бастама көтерді. Тіпті бұл мәселені заңмен реттеуге назар аударуда.

«Банк, микроқаржы және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында «90 күнтізбелік күннен астам банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғаға банктік қарыз беруге тыйым салынады» деп көрсетілген.

Банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғаға банктік қарыз беруге тыйым салынады» деп көрсетілген. Заң жобасы әлі де талқылануда. Бұл халықтың банк пен шағын несие ұйымдарына қарыз жүктемесін азайтуға сеп болмақ.

Қалай айтқанда да қарызға-қарыз жамамау үшін несие талабы қатаңдай түспек.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Бұл аптада су жаңа депутаттар жұмысқа кірісті. Мәжілістен бастап, жергілікті мәслихаттың халық қалаулыларына депутаттық мандат тапсырылып, алғашқы сессиясы да өтті.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ: Танымал бейтаныс есімдер



Қызылорда қалалық мәслихатының VIII шақырылымына 23 депутат сайланды. Тең жартысы жаңарған мәслихат құрамында депутаттық жұмыстың майын ішкен тәжірибелілер де, бұған дейін депутат болмаса да, өз саласының білікті маманы, басшысы ретінде, қоғамда белсенді азамат ретінде танымал есімдер де, сондай-ақ көп жұртқа бейтаныстар да кездеседі.

Ең алдымен жаңа мәслихат құрамының жас шамасына келсек, халық қалаулыларының орта жасы – 48,4 жас болса,

жасы үлкені 67 жаста, ең жасы – 34 жаста. Мәслихаттағы 23 орынның 6-ы нәзік жандарға бұйырды. Жастарға 3 орын берілген. Ал партия өкілдеріне келетін болсақ, мәслихаттағы 19 орын «Аманат» партиясына, 3 орын «Ақжол», 1 орын «Ауыл» партиясына бұйырды. Жаңа құрамда түрлі саланың өкілдері бар. Анығын айтқанда, сөзден гөрі істің адамы саналатын кәсіпкерлер саны басым. Сонымен қатар білім, ғылым, мәдениет, денсаулық әлеуметтік сала

өкілдері де бар. Сондай-ақ бұған дейін саясатта ісі жоқ банкир де, есепшінің де депутат болуы жаңа мәслихат құрамының жаңалығы. Қалай айтсақ та, ең бастысы, ел үміт артқан депутаттар ел сеніміне қызмет етсін дейміз. Сонымен, қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Галым Баймырзаев жаңадан сайланған депутаттарға ресми түрде депутаттық құбыл пен төсбелгі тапсырды.

3 БЕТТЕ



Көпқабатты тұрғын үй қала сәніне айналмақ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен қаладағы тұрғын үйлердің сырты заманауи панельдермен қапталмақ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен көшпелі брифингте қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар мәлімдеді.



Бұған дейін қаладағы тұрғын үйлер қайта жаңғыртудан өткізіліп, сырты бояумен сырланатын. Енді олар заманауи үлгідегі жабындылармен қапталмақ.

Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуардың айтуынша, қала орталығындағы 18 көпқабатты тұрғын үйдің сырты арнайы фасадтармен қапталды. Бұдан соң Абай даңғылы, Ғани Мұратбаев көшесі бойындағы көпқабатты тұрғын үйлерге де аталған жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Бүгінгі күні қала орталығындағы көпқабатты 4 үйге заманауи үлгіде жабықтау жұмыстары жүргізілуде. Мамыр айына дейін 25 тұрғын үйдің қасбетін қаптап, тұрғындар игілігіне беру жоспарланған.

Айта кетер жайт, көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін заманауи панельдермен қаптау демеушілер есебінен жүргізілуде.

А.СЕЙІЛ

ЕЛ МҮДДЕСІНЕН ЖОҒАРЫ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Мемлекет басшысы жастардың айрықша назарда екенін, билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек екенін тағы бір еске салды.

— Ақпараттық технология дамыған қазіргі заманда халық бәрін жіті бақылап отыр. Осы ретте депутаттардың ел алдындағы жауапкершілігі артқанын атап өткен едім. Сондықтан осы ғимаратта отырған депутаттар 5 жыл бойы саналы, парасатты түрде белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Себебі ел мүддесі үшін қызмет ету қажет. Бұл — «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық» деген қағиданың тағы бір көрінісі, — деді Президент.

Биыл алғаш рет 45 аудан мен облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Одан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдері сайланады. Осылайша, биліктің барлық институттары жанарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды.

— Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан — осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Кейбір адамдар, солардың ішінде саясаткерлер де бар, осындай реформалар Қазақстанға қауіп төндірмейтін мүмкін деп айтады. Бірақ мен осы өзгерістердің барлығы, ең алдымен, ел болашағы үшін ауадай қажет деп ойлаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы алдымызда айрықша маңызды міндеттер тұрғанын нақтылай түсті. Жан-жақты жаңғырту жұмысына, әлеуметтік-экономикалық даму барысында тың серпін берілу керектігін сөз етті. Сонымен қатар еліміз ұзақ уақыт бойы қолайлы сыртқы ахуалға арқа сүйен келгенін әрі неше түрлі тұжырымдамаларға, бағдарламаларға сенгенін, атқарылған жұмыстары туралы жалған есепке сенуге мәжбүр болғанын да жасырмады. Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, аса маңызды, өзекті мәселелер назардан тыс қалған. Халықтың тұрмыс сапасы әлі күнге дейін жақсы емес. Құқықтық әділділік белен алды. Бай мен келетін арасы алшақтай түсті. Алдағы бес жылда Үкімет және Парламент осы негізгі мәселелердің шешімін табуы қажет. Біз еліміздің белдеуін бекемдеп тартуымыз керек. Экономикада және әлеуметтік салада жылдар бойы жиналып қалған түйткілдер бар. Оның барлығын ретке келтіруіміз қажет. Осындай ойларын ортаға салған Президент сол үшін жұрттың бәрін бірдей жаға бермейтін, бірақ тиімді әрі қажетті шешімдер қабылдау керек болатынын да қаперге есептеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күшіне айналуда тиіс. Бұл жөнінде көп айтылып келеді. Бірақ Президент атап өткендей, аталған бағытта айтарлықтай ілгерілеу болған жоқ. Демек экономикалық саясатқа өзгеріс енгізу қажет.

— Шағын және орта бизнесті толыққанды қолдау үшін кешенді шаралар қабылдау керек. Олар елімізді дамытуда маңызды рөл атқаратынын толық сезінуге тиіс. Бізге Қазақстан экономикасын дамыту жолында өзіне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет. Оның бел ортасында ақпараттық ресурстарға иек артпай, кәсіпкерлік таланты мен еңбекқорлығының арқасында кәсіпін табысты жүргізе алған бизнесмендер болуға тиіс. Ондай адамдар әр аймақта бар. Оларға елімізде өз бизнесін дамытуға мүмкіндік беру және нақты көмек көрсету маңызды. Қазақстанның қазіргі экономикалық моделі, ең алдымен, шикізат секторына инвестиция тартуға негізделді. Сондықтан ұлттық буржуазияның негізін құрайтын орта бизнес жүйесі дамып жатыр. Тек жеке иеленген аймақтарда ғана он қарқын байқалады, — деді Мемлекет басшысы.

Жалпы алғанда бесжылдықта шағын және орта бизнесті қолдауға үлкен мән берілгені түр. Мұнда Ұлттық жобалардың аяқталуы және сапалы жүзеге асырылуы қатан ескеріледі. Бюджеттің әрбір тиыны тиімді жұмсалып жатыр. Президент айтқандай, осының бәрін парламенттік бақылау жасау айрықша маңызды. Өйткені депутаттарға дауыс берген азаматтар үлкен сенім артып отыр.

— Депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет. Бұл жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізеді. Әсіресе сайлауда жеңіске жеткен «AMANAT» партиясы осы жұмысқа белсене атсалысады деп сенемін. Партияның тәжірибесі мол, қоғам тарапынан жан-жақты қолдау бар. Сондықтан «AMANAT» партиясы алдағы өзгерістердің бел ортасында болады деп үміттенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы осы ретте тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, сол арқылы тамыры тереңде жатқан мемлекеттілікті дәстүрімізді нығайта түсу айрықша маңызды екеніне тоқталды. Бұл ретте Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойын ортаға салды. Сондай-ақ Президент қайта сайланғаннан кейін ең бірінші заңсыз шарғыларын активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа көл қойғанын еске салды. Үкімет пен Бас прокуратура жеке заң жобасын әзірлеген. Парламент тиісті заңды жуық арада қабылдауы керек.

— Бұл қаржы тек елімізді дамытуға жұмсалып қажет. Аталған мәселе бюджет шығындарына да қатысты. Алайда бюджеттің жоспарлануы мен жұмсалыуы көңіл көншітпейді. Мемлекеттік қарызды өтеу шығыны артып барады. Ұлттық



қордан бөлінетін трансферт азаймай тұр. Барлық деңгейдегі бюджетті тиімді игеру проблемасы әлі де бар. Сондықтан бізге жан-жақты ойластырылған әрі теңгерімді бюджет саясаты керек. Биыл Парламент қарауына енгізілетін «Жаңа Бюджет» кодексінің жобасы аталған мәселелерді шешуге бағытталуда тиіс. Тағы бір маңызды мәселе. Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуға тиіс. Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Кәсіпкерлер туризмнің болашағы зор екенін көруі керек. Сол үшін қажетті жағдайды жасаған жөн. Осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі, іштен және сырттан келген туристердің саны неғұрлым көп болса, жұмыстың нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сессиядағы сөзінде «Ақ жол» партиясы шағын және орта бизнесті дамыту, экономиканы монополиядан арылту туралы үнемі айтып жүргенін, сондай-ақ кәсіпкерлердің бастамасымен құрылған «Respublica» партиясы да Парламентке өтіп, бұл ұйымдардың бизнестің дамуына қолайлы жағдай қалыптастыруы қажеттігі туралы ойын айтты.

Мемлекет басшысы тағы бір басымдық ретінде елдің өндірістік әлеуетін барынша арттыру маңызды екенін алға тартты.

— Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр. Яғни ел экономикасының құрылымы — қарапайым. Шын мәнінде, бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Әрине, шикізат нарығындағы әлемдік бәсеке біздің өз артықшылығымыз бар. Қазіргі және стратегиялық міндеттерді орындау үшін оны тиімді пайдалану қажет. Сондықтан осы саланы одан әрі дамыта беру керек. Бірақ жер қойнауын пайдалану саласында ондаған жыл бойы қордаланған проблемалар аз емес. Геологиялық барлау жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуі тау-кен өнеркәсібін өркендетуде кедергі келтіріп отыр. Минералды шикізат базасын толықтыру қарқынды бәсеңдеп барады. Оның үстіне қазір игеріліп жатқан көп орындардың қоры сарқылуда бастады. Қазба байлықты тиімді және үнемді пайдалану қажет. Ол үшін заңнаманы жақсартып, рәсімдерді жеңілдету керек. Геологиялық барлау және кеніштерді игеру ісіне инвестиция тарту айрықша маңызды. Үкімет пен Парламент осы салаға қатысты нақты шаралар әзірлеуге тиіс, — деп нақтылады Президент.

Мемлекет басшысы сыртқы сауданы еркін дамыту үшін шикізат та, мамандар да, кейбір технология да өз елімізде бар екенін, Қазақстан — Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі, экономикасы сыртқы саудаға және инвестицияға әрдайым ашық екенін айтты. Ең алдымен, ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамытуды маңызды зор. Ал өңдеу өнеркәсібін инновация мен жоғары технология ғана жедел дамытатыны айдан анық.

Қасым-Жомарт Тоқаев үшіншіден, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау қажет деп есептейді. Қыстың көзі қырауда жылусыз қалған қалалар мен елді мекендерді мысал етіп, өлден тозған энергетика инфрақұрылымының бүгінгі ахуалын бүкпесіз айтты.

— Менің тапсырмаммен электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі дайындалып жатыр. Сол арқылы осы салаға қосымша инвестиция тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ бұл құжат осы саланың барынша ашық болуын қамтамасыз етпек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Мәжілістегі электр энергетикасына қатысты үш заң жобасын депутаттық корпус шұғыл түрде қарап, қабылдаса, еліміздің инфрақұрылымдық қуатын қалыптастыруға негіз болатынына тоқталды. Сондай-ақ Ұлттық инфрақұрылым жоспарын қабылдауды ұсынған, бұл құжатта осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиіс екенін айтты. Мемлекет басшысының айтуынша, халықтың басым көп-

шілігінің ең өзекті мәселесі — тұрғын үй саласындағы саясатты қайта қарап, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз ету керек. Үкімет шекаралық аудандарға орнығуға ниетті азаматтарға арзан баспа берудің тиімді жолдарын табуы тиіс. Еліміздегі 65 шекаралық ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалы төмен. Бұл аумақтардың стратегиялық маңызын ескере отырып, нақты жұмыстар атқарылуы керек.

Төртіншіден, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға қажетті жағдай жасау — мемлекеттің міндеті деп есептейді. Елімізде бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып жатқан «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 1 мыңнан астам ауылдағы үш мың жеті жүз әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысаны жаңғыртылды. Бұл жұмыс болашақта да жалғасалы. Биыл тағы 1,5 мыңнан астам жобаға бюджеттен 143 миллиард теңге бөлінді.

— Мен сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігі туралы анық айттым. Бұл — маңызды міндеттің бірі. Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады. Ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылады. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. Осы мақсатқа 1 триллионға жуық теңге бөлінді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға қажетті сапалы заңдардың қабылдануына Мәжілістен орнын алған «Ауыл» партиясы өз үлесін қосатынына сенім білдірді. Сонымен қатар су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты стратегиялық маңызы бар міндетке тоқталды. Су мәселесі ұшығып кетпеуі үшін оның алдын алуды, Үкімет әзірлеп жатқан Су кодексінің жаңа жобасында ресурстарды тиімді басқаруға және оларды қорғауға баса назар аудару керектігін айтты.

Президент адам капиталының сапасын барынша арттыруды айрықша назарда ұстап келеді. Сондықтан алтыншы басымдық ретінде білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажеттігін атады. Кейінгі жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейткенмен, балабақша тапшылығы біртіндеп азайғанмен, мектеп салу, жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп, оқу орындарының материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданғанмен, мұның өзі жеткіліксіз болып отыр. Білім сапасын, әсіресе орта білімнің деңгейін арттыру үшін бәріміз шешім қабылдау қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту үшін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл-аймақта 600-ден астам нысан салу жоспарланғанын айтты, жұмыстың бәрі уақытылы әрі сапалы жасалуы керектігін ескертті. Өте маңызды жауапкершілікті әкімдерге жүктелді. Сондай-ақ медицина қызметкерлерінің құқығын қорғау, әлеуметтік жағдайын назардан тыс қалдырмау жайына тоқталды.

Президент саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту, әсіресе балалардың спортпен айналысуына жағдай жасау қажеттігін баса айтты. Еліміздегі 43 мыңнан астам спорт ғимаратының жартысынан көбі ауылдық жерде орналасқан. Бірақ қарапайым және қолжетімді нысандар әлі де аз. Спорт саласын өркендетуге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, меценаттардың және жарнама берушілердің әлеуетін пайдалану, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілін кеңінен қолдану керек. Бұл ретте Үкімет пен әкімдіктер тиісті бағдарлама әзірлеп, шешім қабылдаған кезде осының бәрін ескеруге тиіс.

Президент мәдениет саласын өркендету үшін жасалып жатқан жаңа тұжырымдаманың еліміздің мәдени мұрасын сақтау, насихаттау және ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде шешуші рөл атқаратынына сенім білдірді. Ұзақ жылдар бойы берілмей келген «Қазақстанның халық өртісі» атағын қайта қалпына келтіру туралы

шешім қабылдағанын, Республика күнінде оған лайықты мәдениет қайраткерлерінің алғашқы тобы марапатталатынын жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдаудан көрінеді.

— Әсіресе, ана мен баланы қорғауға айрықша көңіл бөлінуі тиіс. Менің тапсырмаммен биыл бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жасан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Енді 100 мыңнан астам бала бұл көмекті ақшалай алатын болады. Көпбалалы отбасыларға да айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатыр. Жарты миллионнан астам отбасына арнайы жәрдемақы төленеді.

Мен былтты «Ұлттық қор — балаларға» бастамасын көтердім. Қазір осы бастаманы жүзеге асыруға дайындық жүргізіліп жатыр. Мемлекет мұқтаж жандарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді жалғастыра береді. Осы орайда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арнайы тоқталғым келеді. Елімізде осы санатқа кіретін 700 мыңнан астам адам бар. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы оларға оңай тиіп отырған жоқ. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарды және олардың күтушілерін қолдау шараларын күшейтуіміз қажет.

Сондай-ақ асыраушысынан айырылған азаматтар назардан тыс қалмауы керек. Осы орайда Үкіметке аталған санаттағы адамдардың жәрдемданысын орта есеппен 14,5 пайызға көбейту тапсырамын. Мұны былығы 1 қыркүйектен бастап қолға алу қажет. Қазақстан біздің аймақтағы осындай әлеуметтік жәрдем беретін жалғыз мемлекет деуге толық негіз бар. Жалпы әлеуметтік қолдау алдын ала және шын мәнінде мұқтаж жандарға көрсетілуге тиіс, — деді Президент.

Бірақ бұл еңбекке жарамды жас азаматтарды жәрдемдеуге қол жайғызатындай масылдыққа себеп болмауы керек.

Мемлекет басшысы зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарға арнайы төлем төлеу мәселесін ойластыру керектігін айтты. Бұл ретте «Қазақстан халық партиясы» мен «Жалпыұлттық социал-демократиялық» партиясы депутаттарының әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене атсалысатынына сенім білдірді. Президенттің пайымдауынша, адам құқығын қорғау жүйесін нығайтуды жалғастыруда барлық саладағы құқық үстемдігі қағидасы сақталуы тиіс. Әр азамат өз құқығының қорғалатынына, сот әділдігіне сенімді болғаны маңызды. Сондай-ақ адвокаттардың ролін арттырып, оларға сотқа дейінгі тереудің басынан бастап қылмыстық істің материалдарын ең кедергісіз беру керек.

Мемлекет басшысы адам саудасына тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдау қажет екенін, бұл үшін әлемдік тәжірибелі озық үлгілеріне зер салуды да маңызды мәселелердің бірі ретінде атап өтті.

Президент мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеруге де айрықша тоқталды. Сайлау алдындағы бағдарламалар мен уәделер ретімен орындалғанда ғана азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артады. Реформаларды әзірлеуді және жүзеге асыруды жұмысқа ынтасы бар және жоғары білікті мамандар атқаруы керек. Ол үшін жеке секторда жүрген кәсіби және дарынды басқарушылар үшін жол ашылғаны маңызды.

— Бізге мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне қошу қажет. Орталыққа жалтақтамай, жергілікті жерде мәселені шешуге дағдылану керек. Мемлекеттік органдардағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін де толық жаңғыртқан жөн, — деді Президент.

Р/С: Тақырыпқа Республика Президентінің VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі арқау болды. Қасым-Жомарт Тоқаев тілге тиек еткен бұл сөзді бұған дейін де ел басқарған, мемлекет тұтқасын ұстаған, халық алдына шығып хан болған, би болған абыз аталарымыз бен баһауру бабаларымыз талай мәрте айтқан. Шынында, ел мүддесінен ештеңе биік тұрмауы қажет. Мағынасына үйіліп, мәнісіне жете алғандар жанын құрбан етсе де елдің мүддесін қорғауы керектігін ұғынары хақ.

Әкім есеп берді, ел не дейді?

АҚЖАРМА:

ИНТЕРНЕТІ ЖОҚ АУЫЛ

Қала әкімі Асылбек Шәменов өзінің тұрғындармен кезекті кездесуін Ақжарма ауылдық округінде өткізді. Жасында тағайындалған ауылдық округ әкімі Саттар Әбдірепке ең бірінші кезекте халықпен етене араласып, бірлесіп жұмыс істеуді тапсырды. Бұл ауылдағы кездесуде де күрмеулі мәселелер көтеріліп, басшылық оның шешу жолдарын қарастырды.

Ең бірінші кезекте ауыл тұрғыны Темірхан Жақыпов өткен жылы көтерілген, бірақ шешімін таппаған мәселені айтты. «2022 жылы кездесуде келгеніңіз ауылдағы байланыс жүйесін айтқан едік. Сол кезде сіз жауапты мамандарға тапсырма бердіңіз. Тапсырма орындалды – бірақ дұрыс емес. Ауылдың бір шетіне апарып қойып қойған. Орталықта мүлдем тартпайды. Шынын айтқанда, интернет үшін қалаға барамыз. Сосын электр есептегіш мәселелері де биыл шешімін тапқан жоқ. Өткен жылы қалай айттыңыз, солай қалды. Қала әкімінің тапсырмасын орындамайтындыр біздің өтінішімізді елемейді де ғой. Есептегіштер бағананың басына бекітілген, қанша болғанын көре алмаймыз», – деп жеткізді мәселені.

Қала әкімі интернет жүйесінің сапасыздығы қалада да байқалатынын және бұл жүктеменің көптігімен тікелей байланысты екенін айтты. Цифрландыру басқармасына ұсыныс айтылған, олар модернизация жүргізіп жатқандығын жеткізген. Бірақ пайдаланушы көп болғандықтан осындай кемшілік болып тұр екен. Асылбек Өмірбекұлы өз сөзінде облыс әкімінің



орынбасарына бұл мәселені шешу жөнінде ұсыныс білдіргенін жеткізді.

Ақжармалықтар сондай-ақ электр пайдалануды есептегіш құралдың кемшілігін де алға тартты. Бір айдың қызметін төлеген соң 5-6 күнде аяқталмаған айдың есебі келіп тұратынын айтып, жаңадан қойылған есептегіштерді арыз жазып алып тастауды өтінді. Қала әкімі есептегіштерді бағанадан төмен түсіру жұмыстары қазіргі кезде Ақсуат ауылдық округінде жүріп жатқанын, Ақжармада үй құрылыстары жүріп жатқандықтан уақытша тоқтап тұрғанын айтты.

Ал қалалық электр тарту тораптарының мамандары: «Ол есептегіштер адам жұмысын азайту мақсатында автоматтандырылған. Келесі айдың төлемі ерте келетіні банк системасына байланысты. Оларға ұсынымызды жеткіземіз. Адам көшеде жүріп тексермес үшін халық арыз

жазса да алып тастай алмаймыз», – деп жауап берді.

Ауыл тұрғындары биыл ауылға қошет егуді жоспарлап отырғанын, дегенмен мал жеп қоя ма деп қауіптенетінін айтып, қоршау жасауға қала әкімінің көмек сұрады. Бұл өтіншіке байланысты шаһар басшысы: «Өткен жылы әуежайдан шыққан біраз бағаналарды осы ауылдарға тараттық. Басқа ауылдардан қалған бағаналарды жинап, әкеліп береміз, еш қиындығы жоқ. Ал ауыл әкімі аяқсудың келуін тікелей бақыласын. Тұрғындар бірігіп, сенбілік өткізсе, арықтарды тазартса да жақсы болады», – деп жауап берді.

Ауылдағы егістік пен жайылымдық жерлердегі мәселе де көтерілді. Көп аумақ егін егуге берілгендіктен мал жайылатын жер жеткіліксіз. Тұрғындар ауыл әкімінің бұл мәселені шешуге күші жетпейтінін де айтты. Кей үйлерге тіпті егістік жер жақын

екені, ол жерге у себілетіні, оның зиян екені айтылды. «ҚазСуШар» РМК филиалының басшысы Жорабек Нұрымбетов те заңдылығында егістік ауылдан алысқа салыну керектігін жеткізді. Бұл мәселені қала әкімі Асылбек Шәменов аппарат басшысына хаттамаға енгізуді тапсырып, шешілу жолдарын ертерек қарастыратынын айтты.

Жиында ауылдағы амбулатория, медпунктегі дәрігер жұмысына сын да айтылды. «Біріншіден, дәрігердің қай кезде келіп-кететінін ауыл тұрғындары білмейді. Сосын анализдің барлығын қалаға барып тапсыруға мәжбүрміз. Алда салынатын амбулаторияға анализді ауылда-ақ тапсыратындай етіп жасауға мүмкіндік бар ма?» – деп сұрады Тамаша Бегманова мен Ләззат Досжанова есімді тұрғындар.

Қала әкімі дәрігердің жұмыс кестесін ауыл тұрғындары білуі тиіс екенін айтып, денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарына ескертті. Басқарма басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов те: «Қазіргі меңдункте анализ тапсыруды ұйымдастыру мүмкін емес. Ал амбулатория қызметін бастағанда аптасына бір рет болса да қаладан арнайы мамандар жіберіп отыруға мүмкіндік бар», – деп жауап берді.

Жиында ауылда амбулатория салуға бөлінетін 422 млн теңгенің бүгінде 128 млн теңге қаржы бөлінгені де айтылды. Қаржысы толық бөлінсе, биыл амбулатория құрылысын аяқтауға мүмкіндік бар екен. Сонымен қатар жаттығу жасауға мектеп спорт залына ауыл жастарын кіргізбейді деген шағымға байланысты Асылбек Өмірбекұлы мектеп басшылығына кесте ұйымдастырып, жаттығу жасауын тапсырды және бұл мәселені өз бақылауында ұстайтынын айтты.

А.НУРАЗҒАЛИ

ЕРЕН ЕҢБЕКТИҢ ҮЛГІСІ



Тыңдырмды тірлігінің, мамандығына деген сүйіспеншілігінің арқасында 1956 жылдан бастап осы салаға басшылық қызметке келді. Көп ішінде өзін басшымын дейміз қарапайымдылықтың үлгісіне көрсете білген кейіпкеріміз осы қасиетімен де ел сүйіспеншілігіне бөленеді. Ұжымдағы қызметкерлерге жанашыр басшы болып, азаматтықтан айнымаған жан.

Кезінде мал дәрігері ауыл шаруашылығында маңызды рөлге ие маман иесі болғаны мәлім. Олардың қым-қуыт жұмысы, танын атысы, кештің батысы төрт түліктің түрлі аурудан сақ болуы, уақытты екі егілуі сынды өздеріне жүктелген міндеті болды. Ал мал ұстап, оның өнімін азық қылған жұртшылық үшін бұл мамандар қашанда сыйлы еді.

Ауыл халқы Нарша Смайловты тек маман, басшы ретінде емес, ауыл азаматы, ардагері ретінде де ерекше құрметтеген. Ширек ғасыр мал дәрігері болып еңбек етіп, кейін ПАТХОЗ-да директор қызметін атқарған ардагердің өнегелі ісі мен ауылдың өсіп-өркендеуі жолындағы тынымсыз адал еңбегі ел жадынан өшпек емес.

Отбасында ұл-қыз өсіріп, оларға лайықты тәрбие берген еке негесін, ата жолын ұрпақтары мектебінен айта алады. Олар отбасында көрген тәлім-тәрбиені өмір жолында ұлтасырып, әке атына кір келтірмей, тәуелсіз еліміздің өркендеуі жолында қоганын әр саласында еңбек етуде. Бүгінде Нарша Смайловтың есімі ақжармалықтар үшін ерен еңбектің, адамгершіліктің көрінісі іспетті. Ауыл жұртшылығы оның жақсы қасиеттерін үнемі еске алып, өскен ұрпаққа өнеге етіп айтып отырады.

Арман ИСМАЙЛОВ

ҚАРАУЫЛТӨБЕ: «№6 ЕМХАНА ДӘРІГЕР ДАНАНЫҢ ЖЕКЕ МЕКЕМЕСІ БОЛЫП КЕТКЕН БЕ?»

Қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындармен кезекті кездесуін Қарауылтөбе ауылдық округінде жалғастырды. Мұнда тұрғындар қала әкіміне денсаулық сақтау саласындағы кемшіліктерді, ауылдағы егін жайы мен клуб құрылысы туралы айтылды.

Жалпы Қарауылтөбе ауылдық округінің инфрақұрылымын дамытуға биылғы жылы 1,5 млрд теңге қаржы бөлінген. Бұл туралы шаһар басшысы жеткізді. Сондай-ақ ол 10 млрд теңгеге биыл 1000 пәтер салынатынын, одан бөлек «Жайлы мектеп» жобасы аясында жоспарланған 8 мектеп құрылысының 5-уі биыл басталатынын жеткізді.

Шаһар басшысына ең бірінші ауыл тұрғыны медицина мен жер саласына қатысты сұрағын қойды. «Халыққа медициналық қызметтер қолжетімсіз. Өткен жылы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жанкелді Мырзагелдіұлының көмегімен әйтеуір ауруханада бес күн жатып емделдік. Бірақ бір аппарат болмай Шымкентке барып тексерілуге мәжбүр болдым. Бізде МРТ-ның өзін ақшаға

түсіреді. Осы бір кемшіліктерді жоюға не кедергі? Сосын мен отбасыммен бұрыннан осы ауыл тұрғынымын. Бірақ 15 сотық жер алғымыз келіп еді, жер берілмейді дейді. Себебі қандай?», – деп сұрады ауыл тұрғыны Нағылбек Сейдалиев. Сондай-ақ ол егін мәселесін де көтерді. Оның айтуынша, биыл ауылға инвестор келіп егін екпекші. Бірақ көрші Абай ауылының малшылары қасақана



малдарын егістікке кіргізіп жібереді-мыс. Содан егіннің барлығы тапталып, жыл сайын ысырап болады екен.

«Ауыл әкіміне егістік жерлердегі оқшылықтарды жоюға тапсырма беремін. Абай ауылына да ескерту жасаймыз. Сосын ауылдың уақсәкелі полициясы да жұмыс жүргізуі керек. Арнайы рейд ұйымдастырып, құқық бұзғандарды жауапқа тартсын. Ал медицинаға бай-

ланысты облыстық денсаулық сақтау басқармасына мәселені жеткіземіз. Жердің де неге берілмейтінін шешім шығарған комиссиямен жұмыс істеп зерттеу жүргізу керек», – деді Асылбек Өмірбекұлы.

Тұрғындар қала әкіміне сондай-ақ кейбір көшеде жол болғанымен жарық жоқтығын, қараңғы көше қауіпті екенін айтты. Сонымен қатар былтыр

көтерілген, бірақ шешімін таппаған «Әлеуметтік дүкен» ашу мәселесі де айтылды. Ауыл тұрғыны Оразбек Бейсов салынатын амбулаторияны да халыққа ыңғайлы етіп, ҒЗИ-дан рұқсат алып сол жерге салу туралы ұсыныс білдірді.

«Жол, жарық мәселелеріне қаражат бөлінді. Тұрғындар айтқан көшеге де қаржы бөлінген, енді конкурсы өтеді. Жалпы ауылдағы 24 көшеге жаяу жүргінші жолы, 12 көшеге қиыршық тас төселеді. Ал «Әлеуметтік дүкен» мәселесіне келсек, «Байқоңыр» ӘКК-ны қаржыландыру тоқтап қалды. Қалада барлығы 9 дүкен ұйымдастыруға ұсыныс берілген. Енді биыл қаржыландыру қайта қолға алынады. Амбулаторияны тұрғындарға ыңғайлы жерге орналастыру туралы ұсыныстарыңыз да орынды. Ауыл әкіміне ҒЗИ-мен жұмыс істеп, жер алу бойынша тапсырма беремін», – деді шаһар басшысы. Ауыл тұрғындары клуб құрылысы тоқтап қалғанын, тек әкім келетін кезде қайта бастағанын айтқанда қала әкімі А.Шәменов: «Клуб құрылысы бұл өтпелі кезеңдегі жоба, яғни бірнеше жылға жоспарланған. Биылғы қаржысы

келгенше құрылыс тоқтап қалғаны рас. Енді қайта жанданды және алдағы екі айда бітіру жоспарланған», – деп жауап берді.

«Қаладағы №6 емхана жекемінің болып кеткен бе? Дана деген дәрігер сол емхананың иесі сияқты. Тұрғындар мүгедектік тобын ала алмай жүр. Біреулердің мүгедектік тобын негізсіз төмендетіп тастайды. Салынуы тиіс, мемлекеттен берілетін екіпе мен дәрі сұрасақ «Ақша жоқ», – дегеннен басқа ештеңе айтпайды», – деген базасын жеткізді ауыл тұрғыны Рәбия Аязбаева. Бұған қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы: «Мұндай басыздыққа жол беруге болмайды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов арамдыда отыр. Сізге осы мәселені анықтауды, қызметкер осындай басыздыққа жол берсе «сөгіс беруді» тапсырамын. Денсаулық сақтау саласында мәселе болмауы тиіс. Тұрғынның айтқаны уақыт күттірмейтін мәселе. Сондықтан ертерек анықтап, маған жеке келіп баяндауды тапсырамын», – деді.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ҚОС АУЫЛ БАҒДАРЛАМА ИГІЛІГІН КӨРЕДІ



Қала әкімі Асылбек Шәменовтің тұрғындармен кездесуі сәрсенбі күні Қызыл-өзек және Талсуат ауылдық округінде өтті.

Аталған екі ауылда да «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында биыл атқарылатын істер ауқымды. Мәселен қызылөзектіктер үшін маңызды болған көшелерді жөндеу үшін республикалық бюджеттен 173 млн теңге қаржы бөлінген. Бұған ауылдағы 2 көшеге асфальт, 4 көшеге малта тас төселеді болады. Бұдан бөлек жергілікті бюджет есебінен 4 млн 500 мың теңгеге түнгі жарық бағаналарын орнату, электр бағаналарын қайта жаңғырту көзделуде. Халықтың сұранысына сай елдімекендегі

«Қожақ» автомобиль көпіріне де жөндеу жұмыстары жүргізілме. Бүгінде оның жобасметалық құжаттарына 5 млн 200 мың теңге қаражат қарастырылған. Сондай-ақ ауылда биыл балалар ойын алаңы да бой көтермек.

Талсуат елдімекенінде де алдағы уақытта қызу тірлік басталғалы тұр. Мұнда да «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасымен 65 млн 200 мың теңгеге 8 көше жөндеуді деп жоспарлануда. Сонымен қатар 7 көшеге жергілікті бюджет есебінен жарық бағаналары орнатылады. Ал талсуаттықтар көптен күткен 150 орындық ауылдық клуб мамыр айында пайдалануға беріледі.

А.ӘЛІМ

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ: Таныс та бейтаныс есімдер

VIII шақырылымның алғашқы сессиясының ең маңызды тұсы – қалалық мәслихаттың төрағасын сайлау. Көпшілікке сайлаудан кейінгі қызық сұрақ та осы. Сессия барысында депутат Талғат Мақашев қалалық мәслихаттың төраға қызметіне Ибадулла Құттықожаевтың кандидатурасын ұсынып, өзге әріптестері бірауыздан мақұлдады. «Ақжол» партиясынан сайланған депутат Гибрат Байсейітов жас та болса алғашқы сессияда сөз алып, әріптесінің ұсынысын қолдап, мәслихат тізгінін ұстауда мол тәжірибесі бар Ибадулла Дүйсенбайұлының тағы да төраға болғанын құптады. Айта кетелік, төрағаның мәслихат тізгінін ұстауы бірінші рет емес, бұған дейін 3 рет мәслихат хатшысы болған И.Құттықожаев қалалық мәслихаттағы депутаттардың жасы үлкені әрі мәслихат жайын да, депутаттық міндетті де жасы білетін тәжірибелі депутат.

Сессия барысында қалалық мәслихат жанындағы 4 тұрақты комиссиялардың құрамы мен төрағалары белгілі болды. Атап айтқанда, бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Ерлан Нұрғазав, әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға депутат Айгүл Мұсабаева, коммуналдық-шаруашылық және қала инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы

Басы 1-бетте



болып Д.Абызов, ауыл шаруашылығы, жер және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағалығына депутат Мақсат Жүсіп сайланды. Сессия барысында «Аманат» және «Ақжол» партиясының депутаттық фракциялары тіркелді.

Сессияда сөз алған шаһар басшысы Асылбек Шәменов жаңадан сайланған депутаттардың жұмысына сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысының бастамасымен саяси реформа жүзеге асуда. Саяси жаңғыруға жаңа қадам жасалды. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Парламент, жергілікті мәслихаттар сайлауы өтті. Қалалық мәслихаттың VIII шақырылымындағы жаңа

құрам барлық саланың өкілін қамтыды. Қаланың экономикалық дамуы депутаттар белсенділігіне тікелей байланысты. Үгіт-насихат уақытында халықпен кездесіп, мәңжіайға қанық болып, ахуалды байқадыңыздар. Ендігі жұмыс – халықтың тұрмысын жақсартуға жұмыс істеу. Биыл атқарылар жұмыс көп, жобалар да ауқымды, – деген қала әкімі алдағы уақыт еңісіндегі жұмыс барысын, жүзеге асар жобалар жайын баяндады.

Топ жарып шығып, аты озған депутаттардың білек сыбана жұмыс істейтін кезі келді.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА



Құлкі күні қуаныш сыйласын!!!



Көпшілік құлкі күні деп білетін сәуірдің алашқы күніне де жеттік. Даталы күн мен газеттің шығар күні күні сәйкес келген соң «Қуаныш» әзірлеп отырмыз.

Бүгінгі нөмірге белгілі сатирик Нұрмахан Елтай мен Мықтыбек Оразтайұлының әңгімелерін әзірледік. Тұздық болсын деген ниетпен шын көңілден достық әзірдерді қоса бердік.



«Қап, мына бір аласұрған неменің асығысынай! Сәл болмағанда дөңгелектің астына түсіп, өмірем қаба жаздады. Қайта шапшаңдық жасап рәлімді онға бұрып, тормыздың жанын шығара шыңғырта басқанымнан аман қалды-ау, әйтеуір. Темір көлігімің тосі тисе, тезегі алтын, көтені күміс болып, шығынына шаш жете ме? Туһ, не деп кеттім өзі? Бәрі әлгі кер кісінің кесірі».

...Бір жыл бос жүріп, жұмысқа шыққаным апта да толған жоқ еді. Нағашымның құдасының бөлесінің жекеменшік «Газелін» жасыл алаңның шаңын шығарған Рональдо секілденіп, күйгүттып жүргенмін (футбол командасында доп тепкенім бар, сондықтан тілім спорт сөздеріне аунап кете берді). Нөмірі он бірінші маршрутқа шығып, азын-аулақ тиын-тебенді үйге апарып, қуанып жүргенімде мына кесірдің «подножка» берген

– Сол сен емес пе?

Құлкі мойын айып добын соғатын шабуыл-шыдай маған қадала қарап қалыпты.

– Жо-жок, ол мен емес, сізді бұрын көрсем көзім шықсын. Осылай деп зар ете қалдым. Қызық па-ей, бұ бәлекорынды қайдан көре қояйын. Ойынға қосылғаным енді емес пе?

– Сен секілді қияқ мұрты бар еді.

Мына сөзі қақпасына он бір метрлік айып добы белгіленген қақпашыдай денемді тітіркендіріп жіберді.

– Адамға адам ұқсай береді, – дедім бәсен дауыспен.

– Ойпырым- ай, сонда оны жер жұтты ма? – деген әлгі «подкактан» сұлаған ойыншыдай аңтаң күйі қолын жоғары көтерді.

Палау басуды үйреніп алдым. Түк те қиындығы жоқ екен. Тіпті үйдегілер әйеліміңді палауын жегісі келмей, маған палау жасататын болды.

– Ер адамның пісірген палауына жетпейді! – деді әкем.

Ол сөзі анама ұнамайды.

– Мақтанымдар, мақтанымдар. Осы күнге дейін әйелдер пісірген палау ішінді тесіп шыққан жоқ қой.

Негізі, бұл өнерім басыма пәле болды. Жұмыстан шаршап келіп, палау басатын да күндерім болады, сондай кезде «қайдан ғана үйреніп ем?» деп шаршаймын.

Үйге келген көршім палау жеп отырып, «охоо, мынау палау өзгеше ғой» деді.

– Мына баламыз пісірген, – дейді анам мақтанып. Мұндайымды бұрын көрмеген көршім таңдай қақты.

– Мынадай өнермен ақша табу керек қой. Айтпақшы, келесі аптада атамның қырық күндік асын беремін. Соған аспаз кып сені-ақ шақыра салайын да. Бәлкім, сол жерде палауың жақсы шықса, кейін де шақыратындар шығып қалар. Адам деген ақша табу керек қой. Соғұрлым өзбектерді шақырып, 10 мың теңге беріп жатырмыз, – деп көршім тоқтамай біраз сөйледі.

Ішінен өзінше «мотивация бердім» деп ойлаған шығар, бірақ мына ұсынысы маған түк те ұнамады. Енді алжапқыш жамылып, қазан жағалағаным қалып еді...

Әке-шешем менің келісімдімді сұраған да жоқ.

– Міне, дұрыс! Қарап жүргенше ақша тап!

Арада біраз күн өтіп, айтылған күн де келді. Көршімің үйінде палау басу басталды.

– Аспаз кім? – дейді келгендер. Үй иесі мені нұсқайды. Олар таң қалып:

– Мынау ма? Оу, бұл пісіре ала ма?

– Пісіргенде қандай!



ҚЫЗЫҚ КІСІ ЕКЕН ӨЗІ

қорғаушыдай етпетімнен түсіре жаздағаным қарасай! Алаңның ортасында төрешінің ысықырып күткен ойыншылардай өңкей он бірінші маршрутқағылар вокзал маңында иіріліп тұрғанбыз, сол кезде ғой әлгінің сайтандай сап ете қалғаны.

– Шырақтарым, бәрің он біріншісіңдер ме? – деп сұрады ол. Шудасы түскен түйе секілді мойны ыргайдай, ұсқыны келіспеген біреу екен.

– Иә, көке, алдыңғы тұрған сары машинаға отыра қалыңыз, зыр еткізіп жеткізіп тастайды. – Мен ешқайда бармаймын, – деді сонда әлгі бетсіз. – Жок іздеп жүр едім, – дегені еліпдеп тұрған көңілімізді су сепкендей басты. Әлгі мойны ыргайдай неменің сөзінің зілі бар секілді, зәремізді ұшырды. «Жок, жок» деген сөзден жағымсыз талмаса да біреудің жок іздегені жағаннан алғаннан жаман. Иә, оның несі жақсы болсын? Әсіресе күніне жүздеген кісі мініп-түсетін біздің жұмыста ол жаман ырым. Өзгенің жоғын түгендейсің бе, әлде, өзіңнің барыс-келіңді реттейсің бе.

– Талайынан сұрадым, әлі біреуі көрдім, білдім демейді. Осыдан үш күн бұрын кішкене жиенім кеуеміз осы он бірінші маршруттың біріне мінгенбіз. Соны таба алмай жүрмін. Ең соңғы рет ескерттім, сол қайсысың? – деп зілдене қарады жолаушымыз.

– Мына құлағыңның әңгімесі әріден екен. Таксиде кеткен затын даулайын деп тұр, – деген Құтыш томен қарап, дөңгелектерді шұқып кетті. – Бәле жаба салатын зымиян сияқты екен өзі. «Аш бәледен каш бәле», – деген Зияш машинасын жылдам оталдырып, дәу көшемен тарта жөнелді.

– Шырақ-ай, маған сол шопырды тауып беріндер, – деген әлгі найсап кетер емес. Тура қызыл карточка көрсететін қатал төреші сынды.

– Жоғалған затын пәленбай теңгенің мүлкі еді, деуден тайынбайды бұлар. Бұл – Әңкіштің сөзі.

– Әлі де сұрастырыңыз, бәлкім, шығып қалар...

– Қашанғы сұрастырамын. Онсыз да сарсылғанымға үш күн болды. Қартайғанда мойныма қарыз болмасын деп едім. Сонда жол ақысын төлемей түсіп кете беріпін... беріп кетейінші, – деп едім...

– Не дейсіз?

Бәріміз бірдей шу ете қалдық.

– Ес қалмаған ғой. Ақшаны ұстаған күйі түсіп кетіпін. Шопыр бала мың болғыр екен, үлкен кісі деп үндемейтп. Сонысын бере қояйын, қосымша аздаған сыйлығым да бар еді десем... реті келмеді.

Қылқи мойын осылай деді де ұзай берді. Қақпаға доп жіберіп алған қақпашыдай ішім удай ашыды. «Мен едім» дей салғанда болатын еді-ау. Шынында, үш күн бұрын екі адамның ақшасын ұмытып, ала алмай қалған өзім едім ғой. Қап, құдай-ай! Мынаның істегені қарашы! Сонша әспеттеп, «Іздеп жүр едім» деп сандалғанша, манадан бері осылай ағынан жарылмай ма? Бақандай жүз теңге кетті-ау? Ұятсыз екен! Алдында ғана ант бергендей «мен емес» деп оттап қойған басым, қайта күйсей алмай қор болдым... Осыған «нервшит» етіп көшемен зырылдап келе жатқанымда сары карточка көрсетілген ойыншыдай қаным басыма шапшыды. Сол мезетте апырақтанған мына албастының бұрыштан шыға келгені... Бәрі әлгінің кесірі. Негізі сау сиярды тезегі емес. Ойбай-ау, дені сау адам солай дей ме? Ұмытып кеткен қарызын «Берейінші деп едім» деп мыңғырлай ма, пәдеріңе нәле! Салмақтап жүргенін қарасайшы, өзінің. Қазіргі адамдардың алып тұрып, «білмеймін» деуі әдетке айналғалы, обал-сауапты ұмытқалы каш-ш-ш-ш!

Құдайа тоба! Расында қызық кісі екен өзі?!
Нұрмахан ЕЛТАЙ,
1999 жыл.



Облыстық «Қызылорда» телеарнасының редакторы, «Үштаған» бағдарламасының жүргізушісі, білікті журналист Айнур Тұңғышбаеваға!

Париждің сулулары да, Жете алмас оған сәнденген. «Үштағанда» тұрады, Сабақтап сөзін мәнменен.

Мінезі де өзгеше, Мүлдем бөлек көзқарас... Деп тұрғандай экраннан: – Халықпенен сен санас!

Өз ісін әбден меңгерген, Тұңғышбайдың Айнуры. Түріне қарасам жап-жас, Айтындаршы, қай жылғы?



Қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Парасат Жаңабегеновке!

Ыржиып ылғи жүреді, Кең дейді жұрт жүрегі. Тез-тез бастық болды ғой, Кім екен мұның тірегі?

Тірегі деген жәй әзіл, Білімді маман білікті. Тынбай еңбек етеді, Көзге осылай ілікті.

Достық әзілдер



Қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Жағыппар Тажмахановаға!

Әнімімен де дос боп жүр, Күйшімімен де дос боп жүр. Досы көп жан бүгінде, Шынында осы боп тұр.

Ақын да шықпас қасынан, Өртіс те шықпас қасынан. Дос жоғна үйір-ау, Байқағанға жасынан...

Достары да мақтанып жүр, Талай істі атқарып жүр. Тажмаханов Жағыппар, Мәдениетті басқарып жүр.



Журналист-блогер Үйтолған Жарекеге!

Пост жазатын жайы бар, Онынан туған айы бар. Фейсбуктегі көп сөзі, Оқыманға жайылар.

Журналист, блогер, майталман, Шындықты әркез айта алған. Талай әкім-қараны, Қамшылап алған Үйтолған!



Қосшықырау ауылдық округінің әкімі Сейдуали Әбдіқадырбаеваға!

Ұнатпайды дабырды, Мінезі бар сабырлы. Еш асықпай жүріп-ақ, Әкім болды алымды.

Қосшықыраудың әкімі, Ойын айтар ұғынықты. Мұнайып жүрер көзімен, Іздейтіндей жылылықты...



№261 С.Лапин атындағы мектеп директоры Қарлығаш Әбдірахмановаға!

Уақыт дейік төреші, Мектеп оның – кемесі. Ізденгіш әрі талапшыл, Директордың төресі!

Мың құбылтып мектепті, Гүлдендіріп жіберді. Жетістікке ұмтылып, Түрлендіріп жіберді.

Ол басқарған алтын ұя, Мақтаулы орда болып тұр. Мықты ұстаз бен шәкірттер, Ол мектепте толып жүр!

Мерекелік көңіл-күймен Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «А5!» басыла үйі. ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 Тапсырыс №514

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ